

әйелдердің әлеуметтік позициясына саяси қолдау көрсетуде эгалитаризм, яғни құқық пен мүмкіндіктер теңдігі идеологиясы жетекшілікке алынған. Әйелдерді билікке қатыстыру XX ғасырдың 50-60 жылдарында кеңінен өрістеді. Алайда, партиялық-шаруашылық, қоғамдық-саяси басқару аппаратына әйелдерді көтеру ісі өте төменгі деңгейде жүргізілді. 1989 жылы басшылық қызметтегі әйелдердің үлес салмағы 4,8 пайыз болды. Осылайша, өткен ғасырдың көрсеткіштерін дәйектей келе мақала авторы егемен Қазақстанның сол кездегі биліктегі гендерлік әлеуетіне былайша баға береді: “Егемен Республикамыздың тұңғыш Конституциясының қабылдануы сайлау жүйесінің мүлдем жаңа кезеңін тудырды десек те, 1994 жылғы сайлаудың нәтижесі бойынша, 13-шақырылған ҚР Жоғары Кеңесінің 176 депутаттары арасында әйелдер Кеңесі ұйымдарының 3 мүшесі болды. Бүгінде Парламент депутаттарының арасында әйелдер небәрі 11 пайызды құрайды. Еліміздің Парламенттік корпусы, билік құрылымдарында негізінен ер-азаматтар отыр. Министрлер мен вице-министрлер арасындағы әйелдер саусақпен санарлық ғана”. Нәтижесінде әйелдердің жұмысқа араласуы тек билік шеңберінде емес, жалпы жұмыссыздық барлық салада да басым.

Әйелдер мәселесін екі журнал аясында талдай отырып, көтерілген мәселелердің тақырыптық ерекшелігін осылайша жіктеуге болады: жұмыссыздық, гендерлік теңсіздік, декриминализациялау нәтижесінде тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткішінің өсуі және т.б. Жазылған мақалалардың мазмұндық ерекшеліктеріне келсек, кейбір мақалалардан саяси астары, яғни оқырманды жағдайдың түзелетініне «сендіру» идеологиясы байқалады. Алайда мемлекеттік саясат пен әйел тақырыбы төңірегіндегі саяси реформалардың әлсіздігін сынаған да мақалалар жоқ емес.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Султанбекова Г.К. Занятость женщин в РК // Женщины: Восток и Запад, шілде, 1999.
2. Жумашева Б. В XI веке права женщин значительно расширятся// Женщины: Восток и Запад, қаңтар, 2020.
3. Альжанова А. ЮНФПА – в действии // Женщины: Восток и Запад, шілде, 1999.
4. <https://kazakhstan.unfpa.org/ru/>
5. Тленчиева Г. Насилие // Женщины: Восток и Запад, 1999.
6. Гендеру – внимание общества // Женщины: Восток и Запад, қазан, 2001.
7. Ақтаев С. Қыр қыздарының қамқоры // Ақиқат, сәуір, 2003.
8. Бекмұрат З. Әйел табиғаты // Ақиқат, наурыз, 2004.
9. Құрманбаева Ш. Әйел және қоғам // Ақиқат, мамыр, 2004.

ӘОЖ 070(574.22)

**ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІҢ МӘДЕНИ МЕДИАОБРАЗЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ**

Бекетаева Нұргүл Мұратқызы

Direct_2015@inbox.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық журналистика білім беру бағдарламасы
бойынша 2-курс магистранты, Астана – Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Әшірбекова

Бүгінгі таңда халықты ақпараттандыру мәселесіне ерекше мән беріледі. Осы тұста, әлем журналистикасы зор қарқынмен дамумен қатар жаһанданудың көшінен қалыспай БАҚ-тың жаңа түрлерін, үрдістерін қалыптастырып келеді. Ғалым Г.И. Хмара «журналистика – ақпарат тарату, ағартушылық, көңіл көтеру (гедонизм) функцияларын атқарады» - деген анықтама берсе, Ресейлік академик В.Г. Афанасьев қоғамды басқару процесін анықтағанда: «БАҚ-тың басты функциясы – саяси тәрбиелік, насихаттық, басқарушылық және ұйымдастырушылық қызмет», - деп атап көрсетеді [1. 89,90]. Журналистиканың негізгі міндеті – қалың бұқараға ақпарат тарату, қатардағы қарапайым жұмысшыдан – ел тізгінін ұстаған азаматтарға дейін жергілікті елдімекен, ауыл, қала, облыс, республика төңірегінде, қажет болған жағдайда, мемлекеттен тыс, әлемдік аренада орын алып жатқан түрлі деңгейдегі оқиғалар мен әлем тынысынан хабардар ету.

Ақпарат – шексіз. Ақпарат шексіздігі жер бетіндегі пенденің айтқан дәлелді сөзі бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен байланысу жолдары арқылы өзге адамдарға таратылып, әлемдік ақпаратқа айналып, ақпарат шексіздігін құрайды. Ақпарат шегара асып, өзге шет мемлекеттердің де біз жайлы ақпарат алуға, алмасуға, бөлісуге, оны сараптауға, бөлісуге толық мүмкіндігі бар [2. 171]. Бұл – жаһандану процессінің негізгі элементтерінің бірі десем, артық айтқандық емес.

Бүгінгі таңда жалпы халықты ақпараттандыру мәселесіне ерекше мән беріліп отыр. Осы тұста, әлем журналистикасы зор қарқынмен дамумен қатар жаһанданудың көшінен де қалыспай, БАҚ-тың жаңа түрлері мен үрдістерін қалыптастырып келеді. Бұған бірден – бір себеп адамзат қазір жаһандану кезеңінде өмір сүріп жатыр. Жаһандану дегеніміз не? Жаһандану ұғымын ашатын ең лайықты анықтаманың бірін британдық әлеуметтанушы Энтони Гидденс берді, оның пікірінше, жаһандану «жергілікті оқиғалар осы жерден көптеген миля алшақтықта орын алған оқиғалардан құрылатындай етіп, бір бірінен алыс жерлерді байланыстыратын дүниежүзілік қатынастарды қарқындату және керісінше, бәсеңдету» болып табылады, яғни, басқа елдерде, атап айтқанда олардың экономикасында болып жатқан жағдайлар басқа елдерге әсерін тигізе бастайды және жаһандану қазіргі әлем мемлекеттерінің артып келе жатқан өзара тәуелділігін білдіреді, – дейді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі екі айдың ішінде әлемнің 92 мемлекеті елімізді таныды. Қазақстанның сыртқы дүниемен өзара қарым-қатынасының шарттық-құқықтық базасы жасалды және дамыды, ядролық державалар АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Қытай, Франция тарапынан қауіпсіздік кепілдігі қамтамасыз етілді. Қазақстан өзінің сыртқы саясат тұжырымдамасында көрші мемлекеттермен арасында өзара қарым-қатынасқа айқын басымдылық берді. Бүгінде Қазақстан Республикасы дүниежүзінің 100-ден астам мемлекеттерімен дипломатиялық қатынас орнатты. 30-дан астам елдерде өз елшіліктерін, өкілдіктерін ашты. Ал Қазақстанда 50-ге жуық елдердің елшіліктері мен өкілдіктері жұмыс істейді.

Қарқынды өзгертін әлемде және халықаралық қатынастар жүйесінде мемлекетіміздің халықаралық имиджін қалыптастыру мәселесі ерекше назарда. Мемлекет халықаралық аренада өзінің оң не теріс образын қоғамдық өмірдің түрлі салалары арқылы қалыптастырады. Мысалы, тарих, өнер, саясат, әлеумет, медицина, туризм, мәдениет және т.б. Ал әр мемлекеттің бұл саладағы жетістіктері мен кемшін тұстары туралы ақпарат таратушы – БАҚ болып табылады. Осы орайда, мемлекетаралық коммуникация орнатуда, «мәдениеттің» маңызы зор. Осы орайда «мәдениет» дегеніміз не

деген сұрақ туындайды. Көне заманда «культура» деген ұғым «жерді өңдеу» деген мағынаны берген. Кейірек, дәлірек айтқанда Цицеронның еңбектерінде (б.э.д 45ж.) бұл сөздің мағынасы тереңдеп, жанды жетілдіру деген ұғымды білдірді. Уақыт өткен сайын еуропалық тілдерде мәдениет сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие бола бастады [3.6].

Журналистика – әлем мәдениетінің ажырамас бір бөлігі әрі құндылығы болумен қатар саясаттың және шығармашылықтың ерекше бір құбылысы. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Зүлкәпіл Мәулетұлы: «Ерекше мәдени көрініс ретінде журналистика рухани және материалдық құндылықтардың дамуына оң ықпал етіп, адамзат өркениетіне баға жетпес үлес қосып отыр» - дейді [4.5].

БАҚ пен мәдениет әрқашан өзара байланыста және үйлесімде екенін уақыт дәлелдеген. Осы тұста, мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылатын қазақ киносының халықаралық аренада еліміздің оң имиджі мен образын қалыптастырудағы маңызы зор.

«Кинематограф» – грек тілінен алынған сөз тіркесі: «kinematos» – қозғалыс, «grapho» - бейнелеу, жазу, тұтас алғанда «қозғалысты бейнелеу» деген мағынаны береді. Бұл ұғымның француз тіліндегі алғашқы қолданылымы «синематограф» деген атпен фильмдер өндірісінің тұтас жүйесін түсірілуін және таратылуын білдіретін болды[5].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қазақ киносы әлемдік деңгейде өтетін түрлі санаттағы кинофестивальдардан жүлделі орын иеленуде. Кино өмірдің айнасы мен тынысын экранда бейнелейді. Әлем бізді, яғни «қазақ» ұлттың кино туындыларымыз арқылы қалай танып білуде және де бізді өзге ұлттың кинорежиссерлері әлемдік киноэкранда қалай танытуда деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Тарихқа көз жүгіртсек, кинематография әуел бастан жаһандық аренамен тығыз қарым-қатынаста болды. Оның пайда болуын бір елмен немесе бір мәдениетпен байланыстырсақ, бұл қате болар еді. Өйткені, кинематография әлемнің барлық халықтарының ғасырлар бойынша жалғасын тапқан әр түрлі арман мен қиялдарының және модерн ғасырдағы технологиялық жаңалықтардың жемісі.

Кинотанушы, Қазақстан киносыншылары қауымдастығының президенті, халықаралық «Еуразия» кинофестивалінің арт-директоры Гүлнәр Әбікеева «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында қазақ киносы жайлы былай деп сыр шертеді: «Қазақстан киносының бүгінде әлемнің барлық ірі кинофестивалінде көрсетілуі таңғаларлық емес пе?! 2022 жылы Берлиндегі кинофестивальдің Generation бағдарламасында Фархат Шәріповтың «Схема» картинасы жеңіске жетті, Венецияда Әділхан Ержановтың «Голиаф» және Эльдар Шибановтың «Тау пиязы», Токиода Дәрежан Өмірбаевтың «Ақын» және Эмир Байғазиннің «Өмір» фильмдері көрсетілді. Және бұл толық тізім емес. Қазақстанда да әлемдік бәсекеге қабілетті кино түсіретін уақыт әлдеқашан жетті. Біздің ұлттық байқауымызға көпшілік қауым әлі қызыға қарайтын болады. Қазір біздің көз алдымыздағы қазақ киносы бұрын-соңды болмаған өрлеу үстінде. Өкінішке қарай, бұл жоғары сапалы кино кинопрокатта көрінбейді. Себебі прокаттаушылар ойын-сауыққа бағытталған, орташа сападағы фильмдерге көп назар аударады. Сондықтан «Еуразия» кинофестивалі көрермендерді, шетелдік журналистер мен кинофестивальге фильм іріктеушілерді қазақ киносының негізгі жетістіктерімен таныстыруды өз міндетіне алады. Көптеген мысал бар. Сәбит Құрманбековтің «Боран» картинасы патриотизм мен геосаясат туралы байыпты ойды жеткізеді. Дархан Төлегеновтің «Ағалар» картинасы - библиялық астарлы әңгімемен шектесетін әлеуметтік драма. Фархад Шәріповтің «Схемасы» - жастар арасындағы жезөкшелік мәселесін көтеретін психологиялық туынды. Әділхан Ержановтың «Оқу іздеген Адемока» фильмі білім адамның еркіндігі мен тәуелсіздігіне қалай әсер ететінін баяндайды. Жалпы, қазақстандық кино, меніңше, әлемдік кинофестивальдерге лайықты ұсынылып отыр және өте жоғары беделге ие. Бірақ киноөнімдер, яғни шығармашылық одақтастықтан туған

бірлескен жобалар әлі де жеткіліксіз, бұл да «Еуразияның» қалыптасқан үрдісінде үзіліс болып, екі жыл бойы өткізілмеуінің салдары» - деді. [6.9].

Жоғарыда киносыншы атап өткен фильмдер халқымыздың ұлттық болмысы мен абыройын халықаралық деңгейде асқақтататын кинотуындылар. Өкінішке орай, әлемдік аренада қазақ ұлтын оң емес, теріс жағынан көрсеткен кинорежиссер Саша Коэннің «Борат» фильмін айтуға болады. Фильм 2006 жылдың қараша айында әлемдік кинопрокатқа шықты. Бұл фильм қазақ халқының жүрегін сыздағты десек артық айтқандық емес. Соңғы зерттеулерге сәйкес, кейінгі онжылдықта көптеген әлемдік БАҚ арқылы бұқараның санасына «этностық бояуы бар» немесе кейде «этностық ақпарат» деп аталатын ақпараттың үлкен ағыны берілетінін көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасы: БАҚ және саясат» кітабының авторы Р.Ә.Нұртазина: БАҚ-тағы белгілі бір ұлтқа қатысты таратылатын ақпаратқа қатысты мынадай түсініктеме береді: «Этностық ақпарат адамгершілік, төзімділік міндетін атқарады. Ол адамдарды ағартады, ақпараттандырады, көңілдерін көтереді, қайырымды істерге жұмылдыра алады және басқа да көптеген пайдалы қызметтерді орындайды. Бұл ақпарат көзінен адамдар басқа халықтардың, этностардың өмірі жайында ғана емес, өздерінің өмірлері жайында да көптеген жаңа мағлұматтарды біле алады» - деп тұжырымдайды [7.275].

Осы тұста отандық БАҚ – та жарық көрген журналистің «Борат» фильміне қатысты мақаласынан үзінді келтірейік: «Бізді басқа ұлттар сыйламайды, өйткені біз өзіміз олардың осылай істеуіне жол беріп отырмыз. Бұған төзбеуіміз керек: өзіміздің ұлттық ар-намысымызды, қадір-қасиетімізді қорғауға тиіспіз!». Осы айқын даулы газет пікірі арқылы жарияланым авторлары адамдардың ұлттық сезімдері мен реніштерін әдейі қоздыра отырып, этностық негізде оларды жұмылдырып, «ұлттық ар-намыс» деп санайтындарын қорғауға үндейді. Кейде бір ғана жарияланым сол бойда бірге өмір сүріп жатқан әртүрлі этностық топтар өкілдерінің арасында шиеленіс пен өшпенділіктің өршуін тудыра алады [7.276].

Жазушы, драматург Төлен Әбдік: «Бір жақсылықтың – бір жамандығы бар, бір жамандықтың – бір жақсылығы бар» демекші, сол жылдары мемлекетіміздің сыртқы істер министрі болған Ерлан Қазыханов ұлтымыздың басына қара бұлт болып үйірілген фильмнен жақсылықтың нышанын көре білді. Мәселен ол, ВВС-дің орыс жаңалықтар қызметіне берген сұхбатында былай деген еді: «Мен «Борат» кинофильміне философиялық көзқараспен қараймын. Саша Барон Коэннің комедиялық жанрдағы фильмі әлемдік экранға шыққаннан кейін, шетелдіктердің Қазақстанға деген қызуғышылығы артып, визаға деген сұраныс 10 есе артты, бұл біз үшін үлкен жеңіс! «Борат» фильмі Қазақстандық туризмнің дамуына өз үлесін қосуда, сондай-ақ менің білуімше, Қазақстанға бағытталған арнайы «Борат – тур» туристік агенттігі де ашылған [8].

Фильм жарық көрген 2006 жылы елімізге саяхаттап келген туристтердің саны 90 000 адам болса, 2011 жылы бұл көрсеткіш 450 000 адамға жеткен. Елімізді қызықтап, көруге келген шетелдік азаматтар санының көбеюіне «Борат» фильмі себепші ме, жоқ па деген сұрақтың жауабы - біз үшін жұмбақ күйінде қалды. Айта кету керек, бұл фильмді қазақстандық киноэкрандарда көрсетуге толығымен тыйым салынған. Сонымен қатар отандық киногерлер «Борат» фильміне жауап ретінде «Борат – менің ағам» фильмін түсірген болатын. Салыстырмалы түрде фильм «Бораттан» сәтсіз болды.

Бүгінгі таңда мемлекетіміз халықаралық деңгейде, мәдениеттің бір бөлшегі болып табылатын қазақ киносымен ғана танымал емес, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар: спорт, медицина, ғылым, білім, өнер және т.б. түрлі салалар бойыншада топ жарып келеді. Қазақ елі әлемдік аренада өзін тәуелсіз, бейбіт саясатты ұстанатын, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, кешегісі мен бүгінгісін ұмытпаған, тарихын сыйлайтын, ұлттық болмысты жоғары қоятын, ескі мен жаңашылдықты қатар алып жүре алатын мемлекет ретінде танылып отыр. Кино жоғарыда аталған құндылықтарды көрерменге киноның өзіндік арнайы тілімен, бейнесімен, формасымен айтып жеткізеді, түсіндіреді. Қазақ киносы бар

және одан әрі бола бермек. Ол тек еліміздің шеңберінде, шекарасында ғана өмір сүрмейді. Себебі «кино» бүкіл жер шарын қамтитын, әрбір ұлтқа, әрбір елге ортақ өнер туындысы. Бүгінде қазақ киносы әлемге таныла бастады.

Түрлі санатта өтетін халықаралық кинофестивальдерде қазақ киносы жүлдесіз қалған емес. Ал шетелдік кинофестивалдардағы жеңістеріміз бен жеңілістерімізді әлемге жария ететін халықаралық БАҚ өкілдері. Сондықтан мемлекетімізде түсірілетін фильмдердің сапасы, драматургиясы, көркемдік мазмұны - ұлттық рухымызға сай, тереңде болуы керек деп ойлаймын. Егер біздің киногерлер осы аты аталған құндылықтарды кинотуындыларында көрермен қауымға көрсетіп, дәріптей білсе, біз қазақ ұлты әлем жұртшылығының санасында дұрыс, оң имидж қалыптастыра алатынымыз айдан анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шамахайұлы Қ. Демократиялық қоғамдағы баспасөз және ақпарат құралдары. - Астана, 2006.
2. Байгожина Д.О., Тарихи өзгерістегі медиамәдениет//Әль – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. Хабаршы//Вестник «Журналистика» сериясы, 2018.– 1(47) – Б.171.
3. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А., - «Мәдениеттану», Алматы: «Раритет» 2007ж.,
4. Шамахайұлы Қ. XX ғасырдағы әлем журналистикасы, Астана: 2007.
5. <https://www.oner.kz>
6. Әбікеева Г. Қазақ киносы әлемге таныла бастады/Айгүл Аханбайқызы//Егемен Қазақстан. – 2016. – 8 желтоқсан. - №235 (30464) – Б.2.
7. Нұртазина Р.Ә. Қазақстан Республикасы: БАҚ және саясат, Алматы, 2014
8. <https://www.bbc.com> русская служба: «Борат» оказался для Казахстана бонусом».

УДК: 616.12-008.6:004.94'631.4'012.3

PREDICTING ACUTE MYOCARDIAL INFARCTION IN WOMEN USING HEMOGRAM DATA: A MACHINE LEARNING APPROACH

Tole bi Zh. Yermek¹, Yenglik Kadyr², Batyrkhan S. Omarov³

The International Information Technologies University (IITU), Manas Street 8, Almaty, 050000, Kazakhstan

Abstract

This study proposes a machine learning approach to predict acute myocardial infarction (AMI) in women using hemogram data. The method used involves the creation of a model capable of studying complex blood parameters and identifying pathological changes associated with the occurrence of AMI in women. It is expected that the development of such a model will improve the accuracy of prediction and diagnosis of AMI in women, potentially increasing the effectiveness of treatment and reducing the risk of mortality and complications.

Keywords: Hemogram, acute myocardial infarction (AMI), cardiovascular disease prediction, women's health, machine learning

Introduction